



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7М01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Бастауыш білім беру аясындағы терең білімді игерген, нақты білім ортасындағы заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді құруға және шешуге қабілетті, педагогикалық, ғылыми-зерттеушілік және басқарушылық әрекеттерді табысты жүзеге асыра алатын педагогтар дайындау.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	<ul style="list-style-type: none">- білім беру;- тәрбиелік;- әдістемелік;- зерттеушілік;

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 – жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелерін, ғылыми таным мен жоғары мектеп педагогикасының дамуындағы заманауи беталыстарды бағалайды;

ОН 2 – ғылыми, психологиялық-педагогикалық басқару, полимәдениеттілік және полилингвалды ортада әлеуметтік өзара әрекеттесу міндеттерін шешу үшін шет тілін қолданады, мәдениетаралық өзара әрекет жасау үдерісінде мәдениеттің әртүрлілігін талдауға және ескеруге қабілетті;

ОН 3 – бала жайлы білімді кіріктіреді, кәсіби этика нормаларын қолданады, басқарушылық әрекеттің психологиялық шарттары мен ерекшеліктерін талдайды, басқарушылық ішкі жүйенің жәйі мен өзгерістерін диагностикалайды және болжалдайды;

ОН 4 – дәріс жазу, семинар сабақтарының мазмұнын құру үшін педагогикалық және зерттеушілік тәжірибеде алынған білімді жүзеге асырады, ғылыми зерттеу тақырыптары аясында эксперимент жұмыстарын жүргізе алады;

ОН 5 – мониторингілік зерттеулердің түрлері, мақсаттары, тәсілдері мен әдістерін, білім нәтижелерін диагностикалаудың технологиялары мен ұстанымдарын қолданады, ғылыми зерттеу әдіснамасы мен әдістерін, математикалық статистика әдістерін қолданады;

ОН 6 – бастауыш сынып педагогикасының өзекті мәселелерін және жаңартылған білім беру мазмұны бойынша ғылымды бағалайды, білімалушылардың білім бағдарламаларын игеру деңгейі нәтижелерін қадағалайды;

ОН 7 – жүйелілік тұғыр негізінде проблемалық жағдаяттарға сын тұрғысынан талдаулар жасайды, әрекет стратегиясын жасайды, мектептің, жоғары оқу орнының білім беру қызметін жүргізеді және бақылау жасайды, білім беру сапасын халықаралық бағалау жүйесінде мониторинг жасайды;

ОН 8 – қалыптасқан стереотипті жеңу қабілетін бағалайды, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамытуға қажет болатын жаңа білім алуға дайын болуды көрсетіп береді; «Тіл және әдебиет», «Математика және АКТ», «Табиғаттану және жаратылыстану» пәндік аймақтары бойынша білім бағдарламаларын жүзеге асыру әдістемесін қолданады, ғылыми зерттеулер мен педагогикалық әрекетте жүзеге асыру үшін АКТ-ны қолданады;

ОН 9 – инновациялық әдістерді қолдана отырып, білімалушылардың бірлескен, дара оқу және тәрбиелік әрекеттерін ұйымдастырудың тиімді формалары мен технологияларын жобалайды және қолданады;

ОН 10 – зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдарға сараптама жасайды, педагогика, психология мен әдістеме аясындағы жаңа ғылыми зерттеулердің нәтижелерін оқу үдерісіне енгізеді; теориялық және әдіснамалық талдау біліктерін қолданады, болжамдау және жоспарлау әдістерін тәжірибеде қолданады, сондай-ақ зерттеушілік және практикалық міндеттерді шешу үшін мамандық бойынша және пәнаралық білімдерді синтездейді